

**СЕЙФ САРАИДІҢ «ГҮЛІСТАН БИТ-ТҮРКИ» ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШІНІҢ
ГРАФИКА-ОРФОГРАФИЯЛЫҚ, ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Сейітбекова А.А.¹, Мамырбек Г.М.², Малбақов М.М.³

¹фил.ғыл.канд., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан,

e-mail: Ainurseit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²фил.ғыл.канд., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан,

e-mail: gulfar76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7399-2122>

³фил.ғыл.док., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы,
Қазақстан,

e-mail: myrzabergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8485-0544>

Аңдатпа. Ортағасырда араб графикасының жалпытүркілік сөздерді таңбалауда өзіндік жүйесі болды. Араб жазуы ғасырлар бойы қолданыста болып, сол кездегі қоғамның рухани, мәдени қажетін өтеді. Сондықтан біздің дәуірімізге дейін сақталған ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінің графикалық, орфографиялық және фонетикалық ерекшеліктері толық зерттеуді қажет етеді. Себебі қазіргі түркологиялық зерттеулерде араб графикасымен жазылған мәтіндердегі кейбір әріптерді, олардың графикалық белгілерін әртүрлі қабылдап, әртүрлі транскрипциялағанын байқауға болады. Кез келген араб жазулы жазба ескерткіштің транскрипциясы мен аудармасын жасау үшін графика-орфографиялық ерекшелігін талдау – теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті болып отыр. Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты – Алтын Орда дәуірінде жазылған көпшілікке мәлім Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішінің графикасын, графикалық бірліктерінің функциясын, орфографиялық принциптері, тарихи-орфографиялық нормаларын, фонетикалық ерекшелігін талдау.

Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішіндегі графикалық, орфографиялық, фонетикалық бірліктер лингвостатистикалық, тарихи-салыстырмалы талдау әдістері негізінде қарастырылды.

Зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі: араб графикасымен дауысты, дауыссыз дыбыстардың берілу жүйесі талданады; кейбір дыбыстардың көпфункционалдылығы және оның жазуға әсері анықталады; орфографиялық принциптері айқындалады; графикалық, орфографиялық, фонетикалық ерекшеліктері өзге де орта ғасыр жазба ескерткіштермен салыстырылады, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы талданады.

Зерттеу нәтижесі ортағасыр дәуіріндегі түркі тілдері тарихындағы араб жазуының рөлін анықтауға болады. Зерттеу жұмысының практикалық мәні түркітану саласындағы, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі кейбір графика мен фонетикада туындаған мәселелерді нақтылауда, толықтыруда көрінеді.

Тірек сөздер: араб графикасы, ескерткіш, графема, дыбыс, аудару, фонетика, орфография, транскрипция

Негізгі ережелер

Алтын Орда дәуірінде жазылған Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішін белгілі түркітанушылар Э. Наджип, Б. Сағындықов лексикалық тұрғыдан зерттеп, өзге түркі тілдерімен салыстырды. Алайда аталмыш жазба ескерткіштің графикалық, орфографиялық ерекшелігі егжей-тегжей зерттелген емес. Ал кез келген жазба ескерткіштің транскрипциясы мен аудармасын жасау үшін графика-орфографиялық ерекшелігін нақтылауды қажет етеді. Мақаладағы талдаулар жазба мұралармен жұмыс жасайтын зерттеушілерге пайдалы болар деген үміттеміз.

Кіріспе

Ортағасырда араб графикасымен жазылған түрлі жанрдағы жазба ескерткіштер түркі халықтарының жазба мәдениетінің дамуына ерекше ықпал етті. Алайда араб графикасы ортағасырда түркі халықтарының (аралас тілдегі) артикуляциялық базасына сәйкес барлық дыбыстарды дәлме дәл бейнелей алмағаны белгілі. Себебі ортағасыр жазба ескерткіштері мәтіндерінің графикалық жүйесі күрделі болды. Мәтін мазмұнында қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық лексикалық элементтерден бөлек, араб, парсы тілдерінен енген ауыс-түйістер молынан кездесіп отырды. Араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің графикалық көрінісі деген мәселенің басы ашылмаған болатын [1]. Сол кезеңде қолданыста болған араб графикасының түркілік сөздерді таңбалауда өзіндік ішкі құрылымы мен жүйесі болды. Осыған байланысты мақсатымыз – Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші мәтінінің графикасы, графикалық бірліктердің функциясы, орфографиялық принциптері, тарихи-орфографиялық нормалары, фонетикалық қолданыстарын талдау.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішінің Стамбұл ұлттық кітапханасының «Йени жами» қорында сақталған араб графикасымен жазылған нұсқасы мен 1980 жылы Қазанда басылған Хатиб Усманова мен Зейнап Мақсұтованың авторлығымен жарияланған нұсқасының көшірмелері пайдаланылды.

Зерттеуде XIV ғасырдағы жазба ескерткіштердегі графикалық және орфографиялық, фонетикалық жүйесінің даму үдерістерін зерттеуде *сипаттамалы, лингвотекстологиялық, тарихи-салыстырмалы, лингвостатистикалық* әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар графикалық, фонетикалық бірліктерді талдауда *топтастыру, тұжырымдау, түсіндіру* тәсілдері негізінде жүзеге асырылды.

Ортағасыр лексикалық бірліктердің графикалық, фонетикалық, орфографиялық ерекшеліктерін талдауда отандық түркітанушылардың Э. Наджиптің «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык» [2], Б. Сағындықовтың «Сравнительный анализ лексики тюркоязычных памятников XIV века» [3], Н. Уәлидің «Графика. Орфография. Орфоэпия» [1], орыс ғалымдарының Д.Д. Васильевтің «Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала» атты еңбегінде түркі

руникалық жазуының пайда болуы туралы болжамдар айтылады және палеографиясы зерттеледі [4], Т.А. Амированың «Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка» [5], Ортағасыр жазба ескерткіштері бойынша К.П. Садыковтың «Графико-фонетические особенности тюркских уйгурописьменных памятников XI-XV вв.» [6], А.М. Щербактың «Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана» [7] еңбектері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Жазба тілдің жалпы графикалық және графемдік ерекшеліктері болатынын ескерсек, *графикалық ерекшелікке* мәтіннің парақ бетіне орналасуы, азатжол, қаріп түрлері (майлы, ашық, көлбеу әріп), үзiктi жазу, асты сызылған жазу, қаріп түсі. Сондай-ақ, әріп саны, әріп тіркесі, әріп диакритикасы, тыныс белгілер жатады. *Графемдік ерекшелікке* әліпбидегі әріп мәндері, графеманың мазмұн межесі мен тұрпат межесі, тілдің фонологиялық құрылымының графемаларға сәйкес келуі, бір әріптің бір не бірнеше фонеманы, бір не бірнеше фонеманың бір графемаға сәйкес жазба тілдің оқылу және жазылу жүйесі жатады [1].

Қазақ топырағына ислам дінімен енген араб графикасы өзінің негізгі тұрпатынан формасы мен геометриясына қарай әртүрлі әдіс-тәсілдермен дамып, көркем жазудың (*куфи, талиқ, райхани, маджари, кирма, диуани, шикасте, риқа*) графикалық қорын байытты. Сондықтан араб жазу жүйесіндегі инвариант графемаға арабтың негізгі таңбаларын және вариант графемаға көркем жазудың барлық қосалқы графикалық түрін жатқызуға болады. Осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу нысанамызға алынып отырған Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішінің мәтіні сол кезеңде кең тараған көркем жазудың түрі – «мамлүк насх» жазуымен жазылған [2]. Әрбір бетте жазылатын өлең жолдарының бағандары мен тармақтарын ескеріп, көлемді поэтикалық жырларда кездесетін *ғазал, маснауи, рубай, фард*. т.б. өлең жолдарын өзіндік ерекше композициямен орналастырылып жазылған. Сондай-ақ, мәтінде екіұшты оқуға болатын графемалар жиі кездесіп отырады. Бұндай жағдай сөздерді транскрипциялауда, фонетикалық ерекшелігін тануда қиындық тудырады. Сондықтан алдымен жазба ескерткіш мәтініндегі автор пайдаланған барлық таңбалардың тұрпат межесі мен мазмұн межесін (термин авторы – Н. Уәли), саны мен қолдану жиілігін анықтап, сол тұстағы өзге ортағасыр жазба ескерткіштері мәтініндегі таңбалар құрамымен салыстырып, бір тұжырымға келуге болады. Т.А. Амированың айтуынша, графикалық лингвистиканың аясында жазба тіл мен ауызша тілдің арақатынасын тану мақсатында жазба тілдің жүйесін, сипатын және тілдің бұрынғы кездегі дыбыстық құрамын анықтауға болады [5, 55 б.].

Автордың «Гүлістан бит-түрки» мәтінін белгілеуде қолданған таңбалардың жалпы саны – 31. Оның 28-і араб әріптері және 2-і ڭ (же), ڧ (пе) парсы әріптері, 1-і түркі тілдерінің дыбыстық қорында кездесетін نك (н) түркі графемасы.

Кесте 1. «Гүлістан бит-түрки» мәтінін белгілеуде қолданылған таңбалар

Арабша	Қазақша	Арабша	Қазақша	Арабша	Қазақша
ا	а, ә, е	ز	з	ق	қ
ب	б	ژ	ж	ك	к = г
ت	т	س	с	ل	л
پ	р	ش	ш	م	м
ث	с	ص	с	ن	н
خ	ж = ч = ш	ض	з	ڭ	ң
ح	х	ط	т	ه	h (сөз басында, сөз ортасында) e (сөз соңында)
خ	х	ظ	з	و	у, ұ, ү, о, ө
د	д	ع	ғ	ى	ы, і, е
ذ	з	غ	ғ	َ кесра	е
ر	р	ف	ф	ِ фатха	а, е
				ُ дамма	у, ұ, ү, ө

Мәтіндегі барлық таңбаларды қарастырғанымызда Махмұд Қашқаридің әліпбиіндегі дауыссыз дыбыстардың ішінде қолданылған үстінде үш нүктесі бар *ۋ* уау (w) таңбасы алынбаған. *ۋ* Уау (w) таңбасы Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» жазба ескерткіші мәтінін таңбалауда қолданылады.

Дауысты дыбыстардың берілу жүйесі. Араб графикасында үш созылыңқы және үш қысқа дауысты дыбыс бар. Үш ұзын *алиф* – *ا*, *уау* – *و*, *иаи-мажһул* – *ى* таңбаларымен берілсе, **а** қысқа дауыстыны *َ* белгілейтін *фатха*, **у** қысқа дауыстыны *ُ* белгілейтін *дамма*, **и** қысқа дауыстыны *ِ* белгілейтін *кесра* деп аталатын диакритикалық белгілермен көрініс табады. А.М. Щербак мынадай болжам айтады: «Эти долгие гласные возникли в результате автономных процессов выпадения согласных и последующего стяжения гласных или сохранили общетюркскую долготу, о происхождения которой пока трудно сказать что-либо определенное» [7, с 34.]. Мәтіндегі созылыңқы дауысты дыбыстардың белгіленуіне назар аударайық.

Кесте 2. Мәтінде созылыңқы дауысты дыбыстардың берілуі

ا алиф	و уау	ى иаи-мажһул
а – انينك (аның)	ө – كوب (көп)	ы – قيش (қыш)
ә – دكول (дәгүл)	ұ – بوتاق (бұтақ)	і – بير (бір)
е – بيرنجا (бірнече)	ү – يوز (йүз)	е – كيل (кел)
–	у – جون (чун)	Сөз ортасындағы дифтонгтар: ей – زينت (зейнет) йа – حكايت (хикаят)

Сонымен қатар *ى* (йа) әрпі анлаут позициясында *йа*, *йы*, *йү*, *йо*: *йахшы*, *йыл*, *йүз*, *йол* дифтонгоидтардың, ал *ى* (йа) *ا* алифтен кейін тұрса немесе дауыссыз дыбыстан кейін тұрса дифтонгтардың қызметін атқарады. Мәселен, *اى* : *Ей* ұғұл бұ адам ұғлының хатері айла кім ризыққа мутағалақ тұрұр *Ей*, *ұлым*, *адам баласының жаны ризыққа байлаулы ...*(Гл).

Жалпы орта ғасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінде дауысты дыбыстардан басталатын сөздердің басында алиф жазылғанмен оқылмайды.

Мәселен, *ا* алиф және *واو* дауыстыларынан басталатын сөздерде **ө, о, ү** (өз, өткен, он, ол, үч, үсті) болып оқылады. Сол сияқты *ى* алиф және *يا* дыбыстарынан басталатын сөздерде бірде **е** (ерді, ерсе, ешкім), бірде **и** (ішінде) болып оқылады.

Араб тіліндегі *фатха, дамма, кесра* харакаттары мәтінде **7 а, ә, ү, ұ, и, ы, е** дауыстының мәнін білдіреді. Олар көбіне араб, парсы сөздерін таңбалауда қолданылған.

Кесте 3. Мәтінде харакаттардың берілуі

белгілейтін фатха	белгілейтін дамма	белгілейтін кесра
а – قَرِينْدَاش (қарындаш) (сахара) صَحْرَا	ұ – سُلْطَان (сұлтан) دُرُور (дүрүр)	и – فِئْتَه (фитне)
ә – گَنْج (гәнж)	ү – دُنْيَا (дүние)	ы – حَاتْمَطَاي (Хатымтай)
-	-	е – كَسْمَايِيْن (кесмейін)

Араб тіліндегі харакаттар әдетте жіңішке дауыстының мәнін білдіреді. Біз қарастырып отырған мәтінде фатха жуан **а** дауыстының мәнін білдіріп тұр. Фатха белгісі мәтінде барлық түркі, араб, парсы сөздері мен түбір сөзге жалғанатын қосымшаларға да қойылған және жиілігі өте жоғары. Бұл харакаттың жуан екендігін алдыңғы және одан кейінгі буынға қарап анықтауға болады. Мысалы, *қа-рын-даш, ха-лық, са-ха-ра, халында* т.б. «ә» дыбысын білдіретін фатха араб, парсы тілінен енген сөздерді белгілейді: *мәжліс, дәрс, нәби*, т.б.

Қысқа дауыстыларды белгілейтін *фатха, дамма, кесра* харакаттары (диакритикалық белгілері) түркі сөздеріне *алиф, уау, дамма* таңбаларымен қатар қолданылып, түркі сөздерінің жуан-жіңішкелігін білдірген. Мәселен, قَوْلَار (құллар), كُرْدُوم (көрдүм), قَيْلسَا (қылса), اَغْلَان (ұғлан), بِيْلَان (білән), مۇندَان (мұндан), т.б.

Харакаттары таңбаланбаған сөздер мағынасына қарай ажыратылып, дауысты дыбыстарды білдіретін таңбалармен транскрипцияланды. Мәселен, قْرَا (қра) қара, فْرِمَان (фрман) фәрман, اَلْتَنْجِي (алтнчы) алтынчы, بَلَاكَاي (блгей) білгей, تْرُور (трүр) түрүр, تْرِكِي (тркі) түркі, т.б. Харакаттардың белгіленбеуі түркі тілінде жазылған барлық орта ғасыр, тіпті XVIII-XIX ғғ. қазақ жазбаларына ортақ келетін қадим жазу жүйесінің ерекшелігі. Мәтінде харакатсыз берілген сөздер контекстік әдіспен оқылады.

Араб тілінде сөз басы дауыстыдан басталмайды, **а, у, и**-мен басталатын сөздер хамза дауыссызынан басталады. Мысалы: *ахбар* – رِبْخَا, *амал* – لِمَا, *ажал* – لَجَا, *имтихан* – نِاحْتِمَا, *ишарат* – طَرَشَا. Хамза белгісі мәтінде тек араб сөздеріне ғана емес, түркі сөздеріне де қойылған: اَرْتُوق (артұқ), т.б. [8]. Сол сияқты араб тілінде дауыссыз дыбыстың қосарланып келетін ташдид белгісі мәтінде түркі сөздеріне де қойылған: اَيْتِيْم (еттім), اَيْتِي (айтты), т.б. Яғни «айт» түбіріне жалғанатын «-ты» қосымшасы ташдид белгісі арқылы қойылып кете берген.

Мәтінде парсы тілінің изафеттік таңбалары да орын алған. К.П. Садыков: «Араб жазулы мәтіндердегі парсы изафетін беруде графикалық принцип қолданылады. Яғни, анықталатын сөз дауыссызға аяқталса бір *ى* йа, дауыстыға аяқталса екі *ىى* йа таңбасы жалғанады. Араб жазуында графикалық принцип

сақталғанымен, оның түркі тіліндегі айтылуын жоққа шығаруға болмайтынын атап өткен жөн», - дейді [7, 17-б.]. Алайда біз қарастырып отырған ескерткіш мәтінінде диакритикалық (кесра) таңбасы кейбір изафеттік тіркестерге болмаса, көбіне қолданылмаған, бұндай тіркестер байланыстырушы қосымша «е» арқылы оқылады. Мәселен, *кітаб е фақиһін* (шариғат заңының мұғалімі), *мамадух е назар* (дұрыс көзқарас), *махбуб е жаһан* (әлем сүйіктісі), т.б.

Ортағасыр мәтіндерінде езулік қысаң дауысты дыбыстардың түсіріліп қолданылуы – араб, парсы сөздеріне ғана тән тілдік құбылыс: *құдрет, маслхат, мағлұмат, хзмат, хұкм, шұқр* т.б. Бұндай ерекшелік түркі сөздеріне де қатысты анықталды: *Гүлстан, Түркстан, бағрым, тобрақ, арслан, көбрек, түрк, қырқ қорқ*, т.б. Гүл тілесе хатырың толы табақ бұ *«Гүлстанымдан»* оқы бір уарақ. *Гүл тілесе жаньң толы табақ бұл «Гүлістанымнан»* оқы бір парақ (Гл). Фалан шарикім *Түркстанға* кетіб тұрұр дағы фалан базағатым Һендустанға иетіб тұрұр. *«Пәлен серігім Түркістанға кетті және пәлен тауарым Үндістанға жетті* (Гл).

Неғаһ ужудының айағы ажал балшығына батты фирақы отына *бағрым* йаныб көзлерім йүрек қанын ақытты. *Кенеттен өміріне ажал төнді, жоқтық отына бауырым жанып, көздерім жүрек қанын ағызды* (Гл). Хорезминің гәртәні *тобрақ* болса һәм атын тірі тұтар жаһан ічре сөзлері. *Егер Хорезмидің тәні топырақ болса да, атын тірі тұтар жаһан ішінде сөздері* (Гл). Йемес ит сарқұтын келіб *арслан* ғар ічінде ажин өлер болса ариф ер нәфсісіне ұйыб кетмес. *Ит сарқытын арыстан келіп жемес, ұңгір ішінде аштан өлер болса, ақылды ер нәпсісіне ұйып кетпес* (Гл).

Езулік қысаң дауыстылардың түркі сөздерінде түсіп қалу құбылысы өзге ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінде де кездеседі. Мәселен, Мәнім *бағрымға* ол йүз кез жарахат қылұр. *Ол менің көңілімді мың рет жарақаттар* (ХШ). Әгәр оқ атсаңыз *бағрым* нишана. *Егер оқ атсаңыз бауырым болсын нысана* (МН). Ізім нүсрәт берсе дик *арслан* болұр. *Егер тәңірім қаласа, қоразда арыстан болар* (ХШ). Нетек қылғай хала *тобрақ* тұт анны. *Не істер, енді жерде ұста оны* (ХШ). Онда уа солда *сұлтанлар* беклер уа мырзалар ач арслантег һәрбір баһадүрлер жаулан қылұр. *Оң жағьндағы және сол жағьндағы сұлтандар, бектер және мырзалар аш арыстандай (еді), ал әрбір баһадүр мықты ерлік көрсетер* (ЖТ).

Енді керісінше «Гүлістан бит-түркі» мәтінінде кейбір қысаң таңбалары түсірілмей, фатха, кесра белгілерімен берілген тұстары кездеседі. Мәселен, Шейх Сағди *Гүлістанын* түркі таржума қылсаң. Шейх Сағди түркі тіліне аударсаң (Гл) Жүмлә хайуанат алаасы *арсалан* дағы аднасы ешек тұрұр. *Барлық хайуанаттардың ең жоғарғысы – арыстан да, төмені – есек* (Гл).

Бұны мақсатсыз түрде көрініс тапқан графикалық қателер болса керек деп топшылаймыз. Ал езулік дауыстылардың түсіп қалу құбылысы араб, парсы тілдерінің орфографиялық принципіннің әсері болса керек. Түркі сөздерінде еміс-еміс естілетін езулік дыбыстарды араб сөздеріндей таңбаламау нормасы ретінде қабылданған.

Ескерткіш редукцияға ұшыраған мынадай сөздер кездеседі: *түрік – түркі, ағыз – ағзы, көңүл – көңлі, ұғұл – ұғлы, орын – орны, қарын – қарны.*

Даим марасса **азың** гәуһар нешан көрүнүр. *Асыл-тастармен көмкерілген аузыңнан дәйім гәуһар көрінер* (Гл). Хүкәмә айтыб тұрұр кім **көңлі** мажахада қоймақ асанрақ тұрұркім көзі машахададан кетіргенче. *«Көрісіп тұрудан айырылғанша, көңілдің қалауын басу әлдеқайда жеңілірек», – деп данышпандар айтып кеткен* (Гл). Бір бахыл тажернің **ұғлы** хасте болды. *Бір сараң саудагердің ұлы ауырып қалды* (Гл). Ағрабның бала табқан йері мөлүм дәгүл айла кім өзге жануарларының мөлүм дүрұр дағы анасының бағрұн йер қарнын йыртыб сахараға чығыб кетер. *Өзге жануарлардың баланы қалай табатыны белгілі де, шаяндікі белгісіз, өйткені анасының бауырын жеп, қарнын жыртып, қуаң далаға шығып кетеді* (Гл).

Редукция құбылысы *p* мен *k*, *g* мен *z*, *ñ* мен *l*, *p* мен *n* буындараның арасында болады. Сол сияқты бүгінгі тілімізде *ерін*, *мұрын* сияқты сөздердің тәуелдік тұлғада дыбыс құрамындағы қысаң дыбыстарының түсіп қалуы – орта ғасыр мәтіндерінен бастау алатынын аңғартады.

Андан ғажабрак ғураб тотының сұхбатындан *жаны бұрнына келіп* мөлүл болұб лаһаул уала дер еді. *Одан да ғажабы сол – қарға сұхбатынан жаны ашуға бұлығып, жабырқап: «Алла, өзі көрсетер», – дер еді* (Гл). Болұб лағыл *ерні* дүррлар үзрә ғаууас. *Лағыл ерні інжуді іздегендей болып* (XIII).

Ескерткіш мәтінінде еріндік қысандардың керісінше түсірілмей таңбалануы кездеседі. Жиілігі көп кездесетін сөздердің бірі – *бұлұт*. Мәселен, *Сұхбат етме йаман кіші бірлән не қадар пәк есең мунажжес етер күнәш анча биүклігі бірлән бір айача бұлұт көрүнмес. Сұхбат етпе жаман кісімен, қанша пәк болсаң да, лас етер, күн сонша биікте болғанымен, алақандай бұлұт көрінбес* (Гл).

Қазіргі түркі тілдерінде фонетикалық ерекшеліктері мынадай: көне түркі тілінде *булут*, түр., өзб., түркм., қарақалпақ., ұйғ., алт., тув *булут*, әзірб. *булуд*; ноғ., *тат.*, *бълът*; чув. *піліт* тат.; қаз. *бұлт* [9, 65-б.]. Бұдан *у* дыбысы кейбір түркі тілдерінде өзінің тұрақтылығын сақтаса, қайсыбірінде *у* дыбысының **о** немесе **ы** дыбыстарына алмасқанын, ал қазақ тілінде бірінші буында **ұ** дыбысына ауысып, екінші буында мүлде түсіп қалу нәтижесінде **лт** дыбыс тіркесі қалыптасқанын байқауға болады [10].

Дауыссыз дыбыстардың берілу жүйесі. Ортағасырлық түркілік жазу жүйесінде араб әліпбиіндегі барлық дауыссыз 22 таңбасы мен парсы әліпбиіндегі **پ** (п) графемасы мен түркі тілдерінің дыбыстық қорындағы **نک** (н) графемасы тұрақты көрініс табады. Ал парсының **گ** мен **چ** графемалары әр ескерткіш мәтінінде әрқалай қолданылады. «Гүлістан бит-түркиде» 25 дауыссыз дыбыс қолданылған. Оның ішіндегі араб тілінің дыбыстық ерекшелігін білдіретін **ذ** (зэль), **ث** (са), **ط** (та), **ظ** (за), **ص** (сад), **ض** (дад), **ع** (айн), **غ** (ғайн), **ح** (хе), **خ** (ха), **ف** (фе) графемалары түркі сөздерін де таңбалауда көрініс тапқан. Ескерткіш мәтінінде графема **пен** дыбыстың арақатынасы төмендегідей болады:

1) бір графема бір дыбысты таңбалаған: **پ** (п), **ت** (т), **ر** (р), **ق** (қ), **م** (м), **ن** (н), **ه** (һ), **ل** (л).

2) бір графема бірнеше дыбысты таңбалаған: **ب** (б) – б//п, **ك** (к) – г//к, **ج** (ж) – ч//ж.

3) бірнеше графема бір дыбысты таңбалаған. Араб және парсы тілдерінен енген сөздерде кездеседі: *ز ظ ذ* – *з*: *عزیز* (*газиз*), *ظلم* (*зұлым*), *غذاب* (*газаб*), *ضعيفه* (*захифе*); *ث س ص* – *с*: *حصوصان* (*хасусан*); *سُلطان* (*сұлтан*), *ثنا* (*мадақ*); *ط ت* – *т*: *طرف* (*тараф*), *ترك* (*түрік*); *خ ح* – *х*: *زخمت* (*захмат*), *حكم* (*хүкім*).

Бір графема бірнеше дыбысты таңбалау құбылысы әр ескерткіш мәтінінде әрқалай кездеседі. «Гүлістан бит-түркиде» **ج (ж)** әрпі бірде *ж*, бірде *ч*, бірде *ш* дыбыстарының функциясын атқарғанын мына мысалдардан байқауымызға болады: *جان* (*жан*), *جومرد* (*жомард*), *قجان* (*қашан*), *جيقان* (*шықан*), *نجاً* (*неше*), (*чун*) т.б. Орта ғасырда ауызекі сөйлеу тілінде араб, парсы сөздері түпнұсқалық принциппен **ж**-мен (*хожа*, *мәжліс*, *жан*, *жомард*), парсы сөздері **ч**-мен (*чун*), ал түркі сөздері **ш**-мен (*қашан*, *үшін*, *неше*) болып дыбысталған болса керек. Алайда «Гүлістан бит-түрки» шығармасынан кейінгі екі ғасыр кейін жазылған Әбілғазы баһадүр «Түркі шежіресінде» *ч* мен *дж* графемалары парсы сөздерінде де, түркі сөздерінде де кездеседі. Мысалы, **Чыңыз**, **Үргеніч**, **үчүн**, **бірнече**, **ачығы**, **чандан**, **Жантемур**, **Жошы**, **Жағатай**, **жәһаннам**, **жауан**, т.б. Әбілғазы хан *ч* графемасын жазуда қолдануының бір себебі көне түркілік орфографиялық норманы сақтаған болса керек.

ك (к) әрпі бірде *к*, бірде *г* және *з* дыбыстарының функциясын атқарған: *к* дыбысы сөздің бастапқы позициясында көбірек кездеседі: *كيم* (*кім*), *كوز* (*көз*), т.б. *г* дыбысы парсы тілінен енген сөздерде *كُل* (*гүл*) және түркі сөздерінің ортаңғы және соңғы позициясында кездеседі: *ديكاي* (*дегей*), *ايكو* (*егу*); *تتواكاً* (*түйеге*), *اؤونكاً* (*өзенге*), т.б. Екі түрлі дыбыстың сөздің бастапқы және ортаңғы позициясында кездеседі. Мәселен, *كيكاي* (*кигей*), *كوركاي* (*көргей*), т.б. Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінде фонетикалық өзгеріске түскен *اؤكرانيب* (*үргеніб* – *үйреніп*), *егу*, *تيكما* (*тигме* – *тиме*), т.б. архаикалық лексикалық бірліктердің құрамында кездеседі. Бір ерекшелік әсіресе барыс септігінің қосымшаларында мәтіннің өн бойында *з* графемасы емес, *к* графемасы таңбаланған: *اقليمكا* (*ықлымка* – *ықлымға*), *امثالميزكاً* (*емсалымызка* – *емсалымызға*), *آداميكاً* (*адамыка* – *адамыға*) т.б. Мәтіннен үзінді:

Бұ андишені қылдым кім дағы бір өзгә **ықлымға** барып не хал білән болса тірілейм. *Не де болса өзге бір ет елге барып тұрайын* (Гл). Тахаммүл қыл бізім **емсалымызға** йеміші көб ағачқа таш атарлар. *Қайырымдылық көрсет біз сияқтыларға, жемісі көп ағашқа тас атар* (Гл).

ب (б) әрпі сөздің соңғы позициясында бірде *б*, бірде *п* графемаларымен таңбаланған. Жиілігін санап шыққанымызда, *б* графемасымен 370 рет, *п* графемасымен 387 рет қолданылған. Мәтін ішінде «мол» мағынасындағы *көп* сөзі 97 рет кездесті. Ауызекі сөйлеу тіліндегі *п* графемасымен таңбалауға басымдық берілген.

Жазбалар тіліндегі архаикалық нормалардың бірі – катаң *т* дыбысының алдында *л*-дың таңбалануы немесе түсіп қалуы кездеседі. *Олтұрған-отырған*, *еді* көмекші етістігіндегі **р** дыбысының сақталуы, *еді* сөзінің көне түркілік *ерді* болып берілуі – орта ғасыр жазба тілдің орфографиялық нормасына тән. Жарыса қолданылатын элементтердің жиілігі: *олтұр* (*-ған*, *-ұп*, *-ды*, *-сұн*, *-са*) 28 рет, *отырған* (*-ған*, *-ұп*, *-ды*, *-сұн*, *-са*) 71 рет; *ерді* 11 рет, *еді* 379 рет. Яғни, «Гүлістан бит-түркиде» архаикалық көне элементтерге қарағанда қазіргі

қазақ тіліне жақын тұлғалардың жиілігі жоғары екені байқалады. Алайда дауыссыз алдында *p, g* дауыссыздардың түсіп қалу құбылысы кездеспейді. Мәселен, *иігірме (жиірма), үзген (үйрен), тигме (тима)* т.б.

Фонетикалық параллельдер. «Гүлістан бит-түркиде» дауысты және дауыссыз дыбыстарға қатысты сөздің бастапқы және ортаңғы позицияда жарыса қолданылатын фонетикалық параллельдер орын алып отырады. Мәселен, *ү/і: көрклү (3 рет) ~ көрклі (7 рет)*. Дауысты дыбыстарға қарағанда дауысты дыбыстар арасында фонетикалық параллельдер көбірек орын алған. Мәселен, *м/б: бенім (2 рет) ~ менім (83 рет); т/д: тағы (2 рет) ~ дағы (566 рет), тұрұр (328 рет) ~ дұрұр (132 рет); с/ш: іс (2 рет) ~ іш (94 рет); м/н: емді (14 рет) ~ енді (0); ұмыт (0) ~ ұныт (12 рет)*. Осындай фонетикалық жарыспалардың қолданылуын ғалым Р.Сыздық былайша түсіндіреді: «...бір мәтіннің хатқа түскен нұсқасында орфографиялық ала-құлалықтардың орын алуы түсінікті. Оның үстіне әр қолжазбаның әр кезеңде, әр атырапта, әртүрлі тайпалардың ортасында дүниеге келуі де оның орфограммалық суретінде ізін қалдырып отырады» [11].

Орта ғасыр жазба ескерткіштерде ең жиі кездесетін фонетикалық параллельдердің арасалмағын салыстырғанымызда, шығармада *емді, дағы, іш, ұныт* сияқты қолданыстардың жиілігі жоғары. Бұның себебі автордың ортағасырлық жазба нормасынан шықпағандығын көрсетеді. Ал *көрүклү емес, көрклі, дұрұр емес, тұрұр, бенім емес, менім* сыңарларының жиілігінің жоғары болуы – жазба ескерткіш тілінің қыпшақ тіліне, оның ішінде қазақ тіліне жақын екендігін білдіреді. Сондай-ақ, сөздің соңғы позициясында дыбыстардың бірі сақталып, бірі түсіп қалып отыратын параллельдерді қарастырғанымызда, соңғы дыбыстың түсіп қалуының жиілігі жоғары, тіпті кейбір сөздерде сақталмаған. Мәселен, *к/Ø: қатыз (2 рет) ~ қатты (18 рет); құтлұз (1 рет) ~ құтлы (3 рет) ~ құтты (2 рет); к/Ø: тірік (1 рет) ~ тірі (21 рет), кічік (0) ~ кічі (13 рет); ғ/Ø: ұлұз (15 рет) ~ ұлұ (11 рет)*. А.М. М. Томанов сөз дыбыстарының түсіп қалуы көбіне оның алдында қысаң дауыстылардың іргелес айтылуына байланысты дейді [12, 61-б.].

Қазіргі таңда фонетикалық параллельдер топтастырылып, сараланып, түркі тілдерінің (оғуздық, қарлұқтық, қыпшақтық) дыбыстық ерекшеліктерін білдіреді.

Қорытынды

Сонымен Сейф Сараидің жазба ескерткішін XII-XVII ғғ. жазба ескерткіштер мәтіндерімен салыстырғанда, жаңа графикалық, орфографиялық, фонетикалық ерекшеліктері қалыптасқаны байқалады.

- *графикалық ерекшелік:* мәтінде қысқа дауыстыларды белгілейтін харакаттар түркі сөздеріне *алиф, уау, дамма* таңбаларымен қатар қолданылып, түркі сөздерінің жуан-жіңішкелігін білдірген;

- к графемасы *z, k, g* дыбыстың, ж графемасы *ж, ч, ш*, п графемасы *б, п* дыбыстарының қызметін атқарған. Автор жазуда

бірнеше дыбысты бір әріппен таңбалауда үнемділік принципін сақтаған болса керек;

- *орфографиялық ерекшелік*: түркі сөздерін жазуда тарихи-дәстүрлі принцип, морфологиялық принцип, араб, парсы сөздерін жазуда түпнұсқалық принцип сақталған;

- *фонетикалық ерекшелік*: сөздің соңғы позициясындағы *б*-ға карағанда *п* таңбасының қолдану жиілігі жоғары. Бұл автордың шығармаға ауызекі сөйлеу тілінің фонетикалық элементтерін біртіндеп енгізгенін білдіреді;

- фонетикалық параллельдердің қолдану жиілігін саралағанымызда, қыпшақ тіліне тән фонетикалық элементтердің басым екендігі анықталды. Бұл тағы да «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіш тілінің қыпшақ-оғыз тілінде жазылғандығын дәлелдейді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP14869737 «Алтын орда дәуірі жазба ескерткіштері тілін лексикографиялаудың теориясы мен практикасы» гранттық жоба аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018. – 250 б.

[2] Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык: в 2-х ч. – Алма-Ата: Наука, 1975. – Ч. 1. – 210 с.

[3] Сағындықов Б. Сравнительный анализ лексики тюркоязычных памятников XIV века: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук 10.02.06 – тюркские языки. – Алма-Ата, 1977. – 30 с.

[4] Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала (Опыт систематизации). – Москва: «Наука», 1983. – 158 с.

[5] Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. – Москва: Наука, 1985. – 284 с.

[6] Садыков К.П. Графико-фонетические особенности тюркских уйгурописьменных памятников XI-XV вв.: автореф. док.фил.наук. Код специальности ВАК: 10.02.06 – Ташкент, 1992. – 49 с.

[7] Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – Москва – Ленинград: Академия Наук СССР, 1961. – 204 с.

[8] Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты 10.02.02 – қазақ тілі. – Алматы, 2010. – 30 б.

[9] Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: «Наука», 1986. – 301 с.

[10] Тәшімбай С.Қ. Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) лексикасы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты 10.02.06 – түркі тілдері. – Алматы, 2010. – 130 б.

[11] Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.

[12] Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 261 б.

REFERENCES

- [1] Wälī N. Grafika. Orfografiya. Orfoépiya (Graphics. Spelling. Orthoepy). – Almatı, 2018. – 250 b. [in Kaz]
- [2] Nadzhib E.N. Tyurkskiy pamyatnik XIV veka «Gulistan» Seyfa Saray i yego yazyk(Turkic-language monument of the 14th century “Gulistan” of Seif Sarai and its language): V 2-kh ch . – Alma-Ata: Nauka. – Ch. 1. – 210 s. [in Rus]
- [3] Sağyndykov B. Sravnitel'nyy analiz leksiki tyurkoyazychnykh pamyatnikov XIV veka (Comparative analysis of the vocabulary of Turkic-language monuments of the 14th century): avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata filologicheskikh nauk 10.02.06 – tyurkskiye yazyki. – Alma-Ata, 1977. – 30 s. [in Rus]
- [4] Vasil'yev D.D. Graficheskiy fond pamyatnikov tyurkskoy runicheskoy pis'mennosti aziatskogo areala (Opyt sistematzatsii) (Graphic fund of monuments of Turkic runic writing of the Asian area (Experience of systematization)). – Moskva: «Nauka», 1983. – 158 s. [in Rus]
- [5] Amirova T.A. Funktsional'naya vzaimosvyaz' pis'mennogo i zvukovogo yazyka (Functional relationship between written and sound language). – Moskva: Nauka, 1985. – 284 s. [in Rus]
- [6] Sadykov K.P. Graficheskiye i foneticheskiye osobennosti tyurkskikh uygurskikh pis'mennykh pamyatnikov XI-XV vv. (Graphic-phonetic features of Turkic Uyghur written monuments of the 11th-15th centuries): aftoref. ... d.f.n. Kod spetsial'nosti VAK: 10.02.06 – Tashkent, 1992. – 49 s. [in Rus]
- [7] Shcherbak A.M. Grammaticheskiy ocherk yazyka tyurkskikh tekstov X-XIII vv. iz Vostochnogo Turkestana (Grammatical outline of the language of Turkic texts of the X-XIII centuries from East Turkestan). – Moskva – Leningrad: Akademiya nauk SSSR, 1961. – 204 s. [in Rus]
- [8] Mamırbekova G. XVIII-XIX ğğ. arab jazwlı qazaq jazbalarınıñ grafikalıq-orfografiyalıq erekşelikleri(Graphic and orthographic features of Kazakh writings with Arabic script): filologiya ğılımdarınıñ kandidatı ğılımı дәrejesin alw üşin dayındalğan dissertaciya avtoreferatı 10.02.02 – qazaq tili. – Almatı, 2010. – 30 b. [in Kaz]
- [9] Serebrennikov B.A., Gadzhiyeva N.Z. Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika tyurkskikh yazykov (Comparative-historical grammar of the Turkic languages). – Moskva: «Nauka», 1986. – S. 301. [in Rus]
- [10] Täşimbay S. Q. Mwxabbat-name» eskertkişiniñ (XIV ğ.) leksikası (Lexicon of the "Muhabbat-name" monument (XIV century)): filologiya ğılımdarınıñ kandidatı ğılımı дәrejesin alw üşin dayındalğan dissertaciya avtoreferatı 10.02.06 – türki tilderi. – Almatı, 2010. – 130 b. [in Kaz]
- [11] Sızdıqova R. Yasawı «Xikmetteriniñ» tili (The language of Yasawı's «Xikmetteriniñ»).. – Almatı: Sözdik-Sözdik,. – 552 b. [in Kaz]
- [12] Tomanov M.Qazaq tiliniñ tarixı grammatikası (Historical grammar of the Kazakh language). – Almatı: Mektep, 1988. – 261 b. [in Kaz]

ГРАФИКА-ОРФОГРАФИЧЕСКАЯ, ФОНЕТИЧЕСКАЯ ОСОБЕННОСТЬ ПИСЬМЕННОГО ПАМЯТНИКА «ГУЛИСТАН БИТ-ТУРКИ» СЕЙФА САРАИ

*Сейтбекова А.А.¹, Мамырбек Г.М.², Малбаков М.М.³

¹канд.фил. наук, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова,
Алматы, Казахстан,

e-mail: Ainurseit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²канд.фил. наук, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова,
Алматы, Казахстан,

e-mail: gulfar76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7399-2122>

³док.фил.наук, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова,

Алматы, Казахстан,
e-mail: myrzabergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8485-0544>

Аннотация. В средневековье арабская графика имела свою структуру и систему письма для написания общетюркских слов. Однако в современных исследованиях можно заметить, что некоторые буквы в текстах средневековых письменных памятников, написанных арабской графикой, по-разному воспринимались и транскрибировались. Поэтому для того, чтобы сделать транскрипцию и перевод любого письменного памятника, необходимо сначала провести графико-орфографический анализ. Необходимо найти решение вопросов, в частности, какими графическими знаками для передачи тюркских слов, какими орфографическими принципами руководствовались авторы при написании того или иного письменного наследия. В связи с этим целью исследования является анализ функций графических единиц, орфографических принципов, историко-орфографической нормы и фонетической особенности письменного памятника «Гулистан бит-түрки», Сейфа Сараи написанного в эпоху Золотой Орды.

При изучении процессов развития графической, орфографической и фонетической систем в памятнике «Гулистан бит-турки» Сейфа Сараи были использованы описательные, лингвотекстологические, историко-сравнительные и лингвостатистические методы.

В ходе исследования ожидаются следующие результаты: проанализирована система передачи гласных и согласных посредством арабской графики; определена полифункциональность некоторых звуков и их влияние на письмо; выявлены орфографические принципы; проведен сравнительный анализ графических, орфографических и фонетических особенностей памятника «Гулистан бит-түрки» с другими средневековыми письменными памятниками, выявлены сходства и различия, а также преемственность с современным казахским языком.

В результате исследования определена роль арабской письменности в истории тюркских языков средневековья. Практическая значимость исследовательской работы состоит в уточнении, дополнении особенностей, возникшие в графике, орфографии и фонетике, актуальных для тюркологии и казахского языкознания.

Ключевые слова: арабская графика, памятник, графема, звук, перевод, фонетика, орфография, транскрипция

GRAPHICS-SPELLING, PHONETIC FEATURE OF THE WRITTEN MONUMENT «GULISTAN BIT-TURKS» OF THE SARAI SAFE

*Seitbekova A.A.¹, Mamyrbek A.M.², Malbakov M.M.³

^{*1}Cand.Phil.Sc., Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics,
Almaty, Kazakhstan,

e-mail: Ainurseit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²Cand.Phil.Sc., Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics
Almaty, Kazakhstan e-mail: gulfar76@mail.ru,
<https://orcid.org/0000-0002-7399-2122>

³Doc.Phil.Sc., Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics
Almaty, Kazakhstan

e-mail: myrzabergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8485-0544>

Abstract. In the Middle Ages Arabic graphics had its own structure and writing system for writing common Turkic words. However, in modern studies, it can be noticed that some letters in the texts of medieval written monuments written in Arabic graphics were perceived and transcribed differently. Therefore, in order to make a transcription and translation of any written monument, it is necessary to first conduct a graph-spelling analysis. It is necessary to find a solution to the

issues, in particular, which graphic signs to convey Turkic words, which spelling principles guided the authors when writing a particular written heritage. In this regard, the purpose of the study is to analyze the functions of graphic units, spelling principles, historical and spelling norms and phonetic features of the written monument of the Sarai Safe "Gulistan bit-turki", written in the era of the Golden Horde.

Descriptive, linguotextological, historical-comparative and linguostatistical methods were used in the study of the processes of development of graphic, spelling and phonetic systems in the monument of the Sarai Safe "Gulistan bit-Turki".

The following results are expected in the course of the study: the system of vowel and consonant transmission by means of Arabic graphics is analyzed; the polyfunctionality of some sounds and their influence on writing are determined; spelling principles are revealed; a comparative analysis of graphic, spelling and phonetic features of the monument "Gulistan bit-Turki" with other medieval written monuments is carried out, similarities and differences are revealed, as well as continuity with the modern Kazakh language.

As a result of the study, the role of Arabic writing in the history of the Turkic languages of the Middle Ages was determined. The practical significance of the research work consists in clarifying and supplementing the features that have arisen in graphics, spelling and phonetics that are relevant to Turkology and Kazakh linguistics.

Keywords: Arabic graphics, monument, grapheme, sound, translation, phonetics, spelling, transcription

Статья поступила 28.02.2023